

егемен  
Қазақстан

## Қара өлеңнің қызыл желі



Биыл арқалы ақын Сүйінбай Аронұлының туғанына 200 жыл толып отыр. Осыған орай халықаралық Түркі академиясы бүгін Астанада рухани-танымдық іс-шара өткізеді. Алқалы жиынның қарсаңында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор **Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВТІҢ** мақаласын жариялауды жөн көрдік.

Сүйінбайдың ақындық дарынының алтын бесігі – халқының ежелден қалыптасқан жыршылық дәстүрі. Ол осы ұлы дәстүрге, сөз өнерінің байтақ шалқар мұхитына жастайынан құлаш ұрып, дара бітім- болмысымен төңірегіне ерте танылады. Ел аузында айтылатын:

Екейде елу бақсы, сексен ақын,  
Жаратып мінеді екен ерттеп атын.  
Қобызға домбырасы үнін қосып,

Гулейді жын қаққандай кешке жақын, – деген өлең сол ортаның ән-күй мен өлең-жырды айрықша қадір тұтқанын аңғартады. Сүйінбай ақын өзіне өлең қонған сәтін халықтық танымдағы Қызыр рухымен байланыстырады.

Атыңнан айналайын Қызыр бабам,  
Түсімде таңға жуық келді маған.  
Білмеймін «өлең» деді, «көген» деді,

Сайрауық құстар келіп төнді маған, – деуі, оның бойына сұрапыл ақындық қабілеттің ерекше құбылыс болып қонғанын және өзінің де бұл өнерді Жаратқан Ие тарапынан берілген аманат сый деп қабылдағанын көрсетеді.

Сүйінбай әсіресе, айтысқа түскенде қынынан суырылған қылыштай жарқылдап, өзінің туа біткен табиғи қуатымен қайта қауышқандай төңірегін ерекше әсерге бөлеп отырады. Оның Майлықожамен, Тезек төремен, Қатағанмен, Арыстанбекпен айтыстары нағыз шашасына шаң жұқтырмайтын өрен жүйріктің асыл айғақтары. Сүйінбай поэзиясы арқылы қазақтың айтыс өнерінің өрісі анағұрлым құнарланып, тақырып аясы кеңейіп, әлеуметтік мазмұны артып, еларалық деңгейге көтерілді.

Мәселен, ғасырлар бойы қазақ, қырғыз арасында жатқа айтылып, бүгінге қалыбы бұзылмай жеткен Сүйінбай мен Қатағанның айтысы – өнер тарихында сирек кездесетін құбылыс. Ел намысы сынға түскен бұл сөз сайысында қазақтың елдік шежіресі зор мақтанышпен жырланып, алаштың бірлігі мен тұтастығы кеңінен кестеленген.

Жыр алыбы Жамбыл өмір бойы Сүйінбайды ұстаз, пір тұтқан, ірі айтыстарда Сүйінбайсыз сөз бастамаған.

Менің пірім – Сүйінбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай.  
Сырлы, сұлу сөздері  
Маған тартқан сыйындай.  
Сүйінбай деп сөйлесем,  
Сөз келеді бұрқырап,

Қара дауыл құйындай, – деп Жамбыл Сүйінбайды аузына алмай шаршы топқа түспеген.

Сүйінбай бір ғана Жамбыл емес, ақ бас ты Алатау аймағындағы өзінен кейінгі қалың шоғыр ақындардың бәріне де ұстаз болған. Сондықтан да ұлы білімпаз Мұхтар Әуезов Сүйінбайды «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп асқақ бағалаған.

Сүйінбай ұзын бойлы, дене бітімі мінсіз сымбатты, күйектей әдемі сақалы болған, аппақ қағаздай ашаң, сұлу кісі екен. Жырды домбырамен бастап, қыза келе құлағын бұрап термелеп, құйындатып төгіп айтады екен. Қыза келе айқай салғанда жанында тыңдап отырған кісіні селк еткізетін зор дауысты кісі болған. Сүйекеңді көрген, білген, естігендер оны өлеңнің қызыл желі деп бағалайды. Мұның мәнісі мынада: Сүйінбайдың тілінен құты қашқан Тезек төре айтыстырып бір сүріндірмекке Арқадан Түбекті арнайы шақыртады. Түбек жол-жөнекей түс көріп, түсінде Сүйінбай үздіксіз соққан қызыл жел болып көрініп, онсыз да атағынан именіп келе жатқан ол қаймығып, айтыспай қояды.

Сүйінбайдың салған жерден сөйлеп кеткелі тұрған ақындық келбетін, қайталанбас сұлу бітімін талантты суретші Әбілхан Қастеев өте дәл әрі әдемі бейнеле ген. Суреттің дәлдігі, образдың жандылығы сонша, мен өзім көрген сайын ақынның семсер жырларын өз аузынан тыңдағандай әсер аламын.

Профессор Сұлтанғали Садырбаев халқымыздың ұлы ақыны Сүйінбайдың мұрасын жинауда саналы ғұмырын сарп етіп, көп еңбек етті. Жырларын құрастырып

« Ж а з у ш ы » б а с п а с ы н а н ш ы ғ а р д ы . Сүйінбайдың алғашқы жинағын 1935 жылы Илияс Жансүгіров пен Фатима Ғабитова жариялағаны белгілі. Ақынның қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды мынадай негізгі үш салаға топтауға бола- ды: толғаулар, арнаулар, айтыстар. Биылғы жылы ақиық ақынның 200 жылдық мерей- тойы тұсында Сүйінбай шығармалары қайта таразыланып жарыққа шығып жатса, артық болмас еді.

Жетісуда қылышынан қан тамған Тезек төренің сағын сындырып, бетін қайтарған үш ұлы өнерпазды білеміз. Олар: Сүйінбай, Бақтыбай, Бөлтірік. «Тезектің бір жағы әкім, бір жағы ақын» деп өзі айтқандай, Тезек беделін көтеріп, даңқын асыру үшін төңірегіне ақынды көп жинаған.

Сүйінбайды да, Бақтыбайды да, Бөлтірікті де ығына жығып, хан сарайы на сұрқылтай еткісі келген, бірақ үшеуі де Тезектің ығына жығылмай, зәре-құтын қашырған. Бұл үшеуі тілдің күшімен қырғыздың ханы Шәбден мен Тезектің бермесін алған.

Ашы да болса әділдікті айтуды, төтелеп тіке айтуды Жамбыл өзінің осы ұстаздарынан үйренген. Ұстаздан шәкірттің үйрену өнегесін, тура, дәл кесіп айтатын ақындық, шешендік жолды көбіне-көп Жамбыл Сүйінбайдан, Бақтыбай мен Бөлтіріктен үйренген. Мұны Тезектің Сүйінбаймен, Бақтыбаймен айтысынан, Бөлтірікпен қақтығысынан, Жамбылдың би- болыстарға айтқандарынан жақсы білеміз.

Тұсында Абылайдың Бұқар жырау,  
Хан Әділдің кезінде Түбек тұр-ау.  
Әр заманның бар дейді сұрқылтайы,  
Сұрқылтайым менің де екен мынау, – деп дәмеленген Тезектің жүрегіне Сүйінбай сөзден найза қадап:

Хан Тезек, байлығыңа бас ұрмаймын,  
Мен бірақ көргенімді жасырмаймын,  
Шын дертім ұстап кетсе айнымалы,  
Басымнан ұшқан құсты асырмаймын.

Албан, Дулат,  
Шапырашты ел емес пе,  
Бетіндегі көбігі төре емес пе.  
Төре сайтан болғанда, көп – періште  
Бар сайтанды қаққан да пері емес пе?

– деп, аптыққан төренің тасыған көңілін сілтідей тындырады. «Шешенде – тіл, шеберде мін болмайды, жарлының байлығы – деннің саулығы», деп дүние малданған Тезекті тәлкек еткен.

Мен едім Абылайдың хан Тезегі,  
Жылқының ұстатпайды сүркөжегі.  
Ордаға құл мен құтан басып кірген,

Құдайдың бұл да болса бір кезегі, – деген ханды өз ордасында сөзден сүріндірген.

Ал Бөлтірік шынында да Тезек қаймық- қандай, ешкімнен жеңілмеген шешен, батыр әрі ақын, «Жеті жарғы» атанған кісі екен. Тезек кейінірек: «Мен екі ақын, бір шешенді көрдім: бірі жалайыр Бақтыбай, біреуі қызыл екей Сүйінбай және Бөлтірік шешен. Атам – Абылай, әкем – Әділ, өзім Тезек едім, он сегіз мың ғаламды жарылқап, қорғауға күшім жетуші еді, осы үшеуінен біржолата сағым сынды», деп Қожбанбет биге сырын айтқан деседі.

Өз сөзімен айтқанда, Сүйінбай – қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жа- сын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, жүйріктей жалын тараған, күніне шауып жараған, айтысқанды шаңына көмген жүйрік; айтысқанның басынан өлең жаудырып, миын шайқатқан жырдың бораны, қияқты сұңқар. Сүйінбай жырларынан оның алмастай өткірлігі де, шайқалған жорғалығы да, тұлпарлығы да, даңғыл жыраулығы да айқын көрінеді.

1936 жылы Жамбыл қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысып Мәскеуден оралғанда, Жәкеңе жүзден асқан бір ақсақал сәлемдесе келіп:

– Жамбыл, сен аспанға мұнан ары ұшпасаң, енді түспейсің. Осыдан он бес жыл бұрын сен туралы түс көрдім. Алматыдағы Ташкент көшесімен біреу отыз жорғаны тізіп айдап барады екен, соның ішіндегі ең әдемісіне көзім түсіп, қызығып сұрап едім, айдаушы:

– Бұл Сүйінбайдың Жамбылға берем деген жорғалары, аманатын өзіне тапсырамын, – деп жүріп кетті. Райымбек баба жатқан Ташкент көшесі – бұрынғы ұлы Жібек жолы еді, сол ескі ұлы жолмен айдаған жорғалар жарықтық Сүйекемнің жырлары еді, ол енді сенің маржандай тізілген сөздерің, саған Сүйінбайдың бағы қонды. Сүйінбай сияқты майталман жорғасың. Өкімет сені дәл тапты, жолың ашылады, жаңа заманың құтты болсын, – депті.

Бір ғасырдан асқан өмірінде талай жырды естіген кәрікұлақ Сүйінбай мен Жамбыл жырларының басын бір таудан алған байтақ дариядай әрі ұлы, әрі сабақтас, туыстас, әуендес екенін дәл танып, жанымен ұғынып айтқан ғой. Шынында да, Сүйінбайдың бүкіл ақындық табиғаты, сыпаты шәкірті Жамбылға айнымай дарыған, сол күйінде қонған.

Жарық дүниеге көзін ашқанда, сол дүниеде Сүйінбайдай ақынның болуы – Жамбылдың ең ұлы бақыты. Жамбыл батаны Сүйінбайдан алды, отыз бес жыл соңына ілесіп жырдан өрнек тоқып, ұлы ақынның өнегесін үйренді.

Жамбыл он төрт жасында елдің салтымен жарапазан айтып жүріп, Сүйінбайдың үйінің тұсынан түн ортасында өлеңді ағытып қоя береді:

Жарапазан айтамын есігіңе,  
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе.  
Ұлдарың батыр болып өссін деймін,  
Азапсыз мұрадына жетсін деймін.

Жас талап ұзақ жырлайды, ұлы ақын жалықпай ұзақ тындайды. Сәлден соң ақын Еңлік бәйбішеге шам жақтырып:

– Ей, сен Жамбылмысың? Сені жұрт өлең айтады десіп жүр ғой, зәуімен кеп қалған екенсің, айтысып байқасақ қайтеді, жеңсең ат мініп, түйе жетелеп қайтасың, жеңілсең атыңды беріп қайтасың, жоқ әлде бата алып қайтасың ба? – дейді.

Жамбыл:

– Атыңызды да алмаймын, атымды да бермеймін, батаңызды беріңіз, – дейді.

Ал Жамбыл, бата дедің, бердім саған,

Бақытты, ғұмырлы боп жүргін аман.  
Батасын ат орнына берді ғой деп,  
Қоймағын былай шығып кінә маған.  
Артынан Сүйінбайдың орнын басып,  
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған, – деп, Сүйінбай батасын беріп, көк серкені жетегіне байлағанда, Жамбыл:

Сүйеке, ат та алдың, атан да алдың,  
Көрген ең алдын талай наһандардың.  
Түйені түгіменен жұтқанменен,  
Сонда да бұл жалғанда қақалмадың, – дейді. Сонда Сүйінбай:  
– Ей, бала, келіп қапсың бейуақта,  
Жағалап Сүйінбайдай әруақты.  
Аз кідірсең, атыңнан айырыларсың,

Былжырамай алып кет көк лақты, – деп лақ жетектетіп жібереді. Сүйінбай Жамбылдың болашақ дүр ақын болғалы тұрғанын сезіп, соңына ертіп, ел жиылған той-жиыннан тастамаған.

Эпикалық қарымдағы ақын ретінде де Сүйінбай халықтың әртүрлі жыр-дастандарын таңды таңға ұрып айтып, «Манас», «Көрұғлы», «Рүстем Дастан», «Готынама» сияқты туындыларды шығармашылықпен шалқытып өзінше жырлаған.

Оның Сұраншы, Саурық батырлар туралы циклді өлеңдері мен толғаулары – нағыз эпик ақынның өресін танытатын өлмес мұра. Мұнда ежелгі эпосқа тән асқақ рух, алапат теңеулер қарша борап отырады. «Лашын құстай түйілген, ақ тұйғындай шүйілген» батыр тұлғасын, «отыз жылдай алысқан, қырық жылдай шабысқан» дұшпан бейнесін нағыз жыраулық тегеурінмен сипаттайды.

Сүйекең, замандастары айтқандай, ержүрек батыр адам болған екен, сондықтан ол батырлық эпостарды жырлаудың теңдессіз шебері. Сондықтан кең тынысты ақын Өтеген, Қарасай, Сұраншы, Саурық сынды қазақ батырлары турасында қаһармандық дастандарын дүниеге келтірді. Осы орайда, арқалы ақын айрықша шабыттанып жырлаған Сұраншы батырдың 200 жылдығы атаусыз қалып отырғаны қабырғаға батады.

Сүйінбай, ең әуелі айбынды айтыскер ақын. Оның Тезек төре және Қатаған ақындармен айтысы да дүйім жұртшылыққа мәлім. Бұл айтыстарда ол орын алған әлеуметтік мәселелерді арқау етіп, ерекше орындаушылық дарыны мен суырыпсалма ақын екенін паш етті.

Сүйінбайдың Тезек төремен кездесуі – кейінірек, ақынның ер жетіп, елге танылған шағы. Қалың бұқараға сүйенген ақын тайсалмай сөйлеп, Тезек төрені де жалайырдағы Солтанға ұқсатып ел алдында әшкерелеп, бас көтертпей жалынды сөзінің күшімен бөгеп отырады. Тіпті, көрші қырғыз халқының қанды балақ, орақ ауыз Орман хан тұқымдарының орынсыз істерін де батыл сынайды. Ол шындық үшін күресіп, хан-төре тұқымының қылмыстарын бетіне басады. Әртүрлі дауға түсіп, әділқазыдай әмірлі билік айтады.

Ақынның бұлайша ел ісіне араласуы оның қоғамдық бетін айқындайды, бетіне адам қаратпаған әрі ақын, әрі әкім төренің аузын буып, оның төріне именбей шығып, табағынан ас, малынан бас беруге мәжбүр еткен – Сүйінбайдың тас жібітер өткір де батыл тілі. Табиғатынан талантты ақынға ел артқан сенім, ол көрсеткен сый-құрмет өшпес даңқ әперіп, бойындағы сарқылмас талант бұлағының көзін ашты. Ақын енді үй айналасындағы әкесінің шағын шаруашылығымен айналыспай, ағайын арасы ұсақ дау-шарға бөгелмей, ел кезіп, өмір көру, ділмар-шешен ақындармен кездесіп, олармен дидарласу арманын алға қояды.

Сүйінбайды тек Қазақ елі ғана емес, көрші Орталық Азия халықтары да жақсы білген. Әсіресе, оның есімі – туысқан қырғыз халқына жете таныс.

Сүйінбай – өзі туып-өскен елдің ортасында жасап, сол ортадан тәлім алып, жетілген өнер саңлағы, дәуір қайшылықтарын аша да, жырлай да білген шыншыл ақын. Оның шығармалары өзінің мағыналы кемелдігімен және мәнерлі көркемдігімен ұлтымыздың мәңгілік құнды қазыналарының қатарын толтыра бермек.